

**ЛИ МЕН БАК**

Корея Республикасының Президенті

**Өмірде ғажайып нәрсе  
өз-өзінен бола салмайды!**





**ЛИ МЕН БАК**  
Корея Республикасының Президенті

**ӨМІРДЕ ҒАЖАЙЫП НӘРСЕ  
ӨЗ-ӨЗІНЕН  
БОЛА САЛМАЙДЫ!**

**Астана қаласы,  
2012 жыл**

Л49 **Ли Мен Бак.** Өмірде ғажайып нәрсе өз-өзінен бола салмайды./  
Ауд. Рүстемов Б. – 2012, 272 бет.

ISBN 978-601-06-1817-6

Еліміз егемендікке жеткелі бері көптеген игі істер басталып кетті. Бұрын-сонды өмірімізде көрініп-байқалмаған Оңтүстік Шығыс Азия елдері туралы ақпараттар көбейе түсіп, кітаптар мен ғылыми еңбектер жазыла бастады.

Кітаптың авторы бұдан бұрын Оңтүстік Кореяның экономикасы туралы, Вьетнамның саясаты, Қытайдың жалпы дамуы, Латын Америка құрлығының мемлекет қайраткерлері мен ақын-жазушылары, АҚШ-тың ұлы ойшылдары, Түркияның ұлы перзенті Назым Хикмет және де посткеңестік кеңістік туралы еңбектер жазған болатын.

Автордың аудармашылық еңбегінің жемісі ретінде сіздердің назарларыңызға Оңтүстік Кореяның Президенті Ли Мен Бактың қызықты да әсерлі, жалпы адам баласына оның ішінде жастарға өз өмірінде табыстарға жету үшін бағыт пен бағдар беретін бірден-бір кітап ұсынылып отыр.

Әлемдік мәдениеттің, әлемдік әдебиеттің оның ішінде Жер-Анамыздың біртуар ұлдарының замандастарымызға және болашақ ұрпақтарға берер өмірлік әрі іс-тәжірибелер мен тұжырымдары көп-ақ.

УБК 327 (519.5)

Л 49

ISBN 978-601-06-1817-6

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Менің басымнан өткен бар өмірім, ой-толғаныстарым мен уайым-қайғыларым ашық айтылған “Ғажайып нәрсе өз-өзінен бола салмайды” атты кітабым ең алғаш рет 1995 жылы Корея Республикасында жарық көрді. Енді міне, ол қазақ тілінде де басылып отыр. Осы мәселе мені терең толғандырып, ерекше сезім тудырады. Осы кітапта маған әрқашанда дос елдер есебінде көрінетін және саналатын Ресей мен Орталық Азия елдерінде өткен менің жұмыс тәжірибелерім толықтай қамтылып жазылған.

20 ғасырдың тоқсаныншы жылдарында Ресей және Орталық Азия елдерімен арадағы дипломатиялық қатынас орнағаннан кейін Корея Республикасы үшін жақын елдер болып есептелді. Жыл өткен сайын біздің елдеріміздің бір-біріне қажет екенін түсініп, біздің өзара қарым-қатынасымыздың өркендеп нығайуының соншалықты маңызды екенін анық сезіне бастағандаймыз. Осының арқасында соңғы уақыттарда біздің елдеріміздің арасындағы қарым-қатынасымыз экономика жағынан ғана емес, ғылым және мәдениет саласында да қарқынды өркендеуде.

Мен Кореяның жеке серіктіктерінің бірінің жоғарғы басшы директоры ретінде дипломатиялық қатынас орнағанға дейін де, 1980-ші жылдардың аяғында-ақ Ресейдің әртүрлі қалаларында болдым. Осы сапарымда мен Ресеймен жақынырақ танысуға және оның экономикасы мен мәдениетін, ғылым мен техникасын, тарихы мен өнерін жақсы түсінуге мүмкіндік алдым. Сонымен қатар мен Орталық Азия елдерінің көшбасшыларымен достық қатынас орнатуға қол жеткіздім, және достығымыз осы күнге дейін сақталып келеді.

Сонымен міне – 2008 жылдың қыркүйегі. Мен арнайы сапармен Ресейде болдым. Ресей президенті Дмитрий Медведев пен премьер-министрі Владимир Путинмен арада болған кездесуімізде біз көптеген қажетті мәселелер жөнінде пікір алмастырдық. Осы сапар барысында өте маңызды болып есептелген шаруа, Транскорейлік теміржолдың Транссібірлік магистральмен қосылуы жөніндегі жобалардың жүзеге асырылуына және газқұбырының Корея Республикасына дейін тартылуына көп көңіл бөлінгені болды. Осы жобаларға мен жеке серіктіктің

директоры болып істеп жүрген кезімнен-ақ айқын көңіл бөліп жүрген болатынмын.

Ресейге жасаған сапарым кезінде мен сонымен қатар Санкт-Петербургтік университетке де бардым. Осы университетте маған лекция оқуыма қолқа салды және Құрметті доктор дәрежесін берді.

Мен Корея Республикасының президенті қызметіне орныққаннан кейін Орталық Азия елдерімен ара-қатынасымыздың өркендеуіне көп көңіл бөлудемін. Осы бағыттағы менің іс-әрекеттерімнің шеңберінде мен Орталық Азия елдерімен арадағы қарым-қатынастарымыздың өзара тиімділігі үшін бағытталған “Жаңа азиялық дипломатия” мәселесін көтердім және оны әрқашанда қолдаймын.

Президент болып сайланғанға дейін, мен Сеулдің әкімімен бірге жұмыс жасап, сол кездің өзінде-ақ Орталық Азияның көптеген елдерінің басшыларымен жақын достық қатынас жасадым. Өткен жылы мен Қазақстан, Өзбекстан және Түркіменстан президенттерімен кездестім. 2009 жылдың мамырында осы елдерге қызметтестеріммен бірге достығымызды және барлық саладағы қарым-қатынасымызды нығайту жолындағы шараларды туралап анықтауға барып келуді жобалап отырмын. Сонымен қатар осы елдерде тұрып жатқан этникалық корейліктердің тұрмыс мәселелеріне де көп көңіл бөлінеді. Этникалық корейліктерді қолдаудағы негізгі мақсатымыз, олардың өздерінің тарихи отанына деген ұлттық сезімдері мен мақтаныштарын ояту болып табылады. Осы жағдай отандастарымыздың екі ел арасындағы қатынастарымызға өз үлестерін қосуларына мүмкіндік жасайтынына үміттенеміз.

Осы кітаптың бірінші басылымынан кейін де көп жылдар өтті. Біздің елімізде де, жалпы әлемде де көп өзгерістер болды. Жиырмасыншы ғасыр да аяқталды және бүгін біз 21 ғасырда өмір сүрудеміз. Өмір мені көптеген мамандықтарды игеріп өтуіме алып келді. Мен парламент депутаты және Сеулдің әкімі де болып істедім. Бүгін халқым маған сеніп Президент тағына орналастырып отыр. Менің қызметтерім мен қызмет орындарым өзгергендерімен де, менің өмірдегі жағдайларымның мына заулаған заманда қалай болғандығына қарамастан мен үшін өзгермейтін бір-ақ жай бар. Ол менің нық сенімім:

Өмірде ғажайып нәрсе өз-өзінен бола салмайды!

Менің ерте балалық шағымнан бастап, университетті аяқтағанға дейін әр күн сайын маған кедейлік мәселесімен күресуіме тура келді.

Тіпті, мені “Хендэ” серіктігіне жақсы жұмысқа қабылдағаннан кейін де, отызға жуық жыл бойына бұрынғыдай әр күн сайын бар күшімді қалап алған жұмысыма жұмсап, 60-шы жылдардың аяғынан бастап 80-шінің аяғына дейінгі аралықта бүкіл Корея жүріп өткен жедел экономикалық өрлеудің тарихи жолымен өз серіктігіммен бірге өтуіме тура келді.

Мен өз өмірімнің 20-шы жылында серіктік басқармасының мүшесі болдым, ал 30 жасымда – бас директор, 40 жасымда – серіктік президенті, 50 жасымда Корея парламентінің депутаты болыппын. Ал 60 жасымда Сеул тұрғындары мені өздеріне әкім етіп сайлады. Қазіргі уақытта менің мойнымда корейлік сайлаушылар сенім артқан құрметті, бірақ сонымен қатар өте жауапты қызмет бар.

Менің өмір жолымды ертегідегідей болған сияқты көріп, мені кейде “ғажайыптар қаһарманы” деп те атайды. Бірақ менің өмірім – ол тіпті “ғажайыпқа” мүлдем жақындамайды. Менің өмірім бұл қасіреттер мен төзімділіктер арқасында өткен қиын жол, ұзақ сапар. Әр күн сайын мен өз сенімім мен өз арманымды жоғалтпастан осы жолдар арқылы нық қадамдадым. Менің өмірім – ол жетістіктерге жету үшін қатты сенімдермен әрдайым алға жылжу, ол қандай да болмасын қиындықтарды жеңе отырып, ал егер жолың болмай азғана жеңілістерге ұшыраған болсаң, онда өзіңе ешқашан қапалану мен дәрменсіздікке жол бермеу қажет.

Осы кітап біздің қазіргі қиындау заманымызда жастарға өз өмір жолдарын дұрыс таңдауларына, сонымен қатар осы кездері тұрмыс тауқыметін тартып, бар үмітін жоғалтып, өмірден түңіліп жүрген дәрменсіз жандарға қайтсе де алдағы ойлаған жетістіктеріне жеткізер, өз бақытына апарар жолмен нық сеніммен қадам басуларына көп көмегін тигізеріне толық сенімдімін.

Бұл кітап тек менің ғана “жеке өмірбаяным” емес. Менің осы “өмір белестерімді” оқыған кезде осы парақтардағы жазылған шындыққа толы мәліметтермен таныса отырып, сіз қазіргі кездегі Корея тарихы жөнінде көп нәрселерге қанығар деп үміттенемін. Осы кітап арқылы сіздің Кореяны және корей халқын тереңірек түсінетініңізге сенімдімін.

**ЛИ МЕН БАК**

**Корея Республикасының Президенті**

*2009 жылдың сәуір айы*

## “ХЕНДЭДЕН” КЕТУГЕ СЕБЕП

Мен Хендэде бар күшімді салып жұмыс істедім. Еңбек еттім, ете бердім... Компания кішкентай компаниядан іріге, сосын жан басына шаққанда 100 доллардан кем болған табыс 8 мыңға дейін өсіп, халықаралық компанияға өскен кезде мен қызу майданның ортасында жүрдім және осы үшін тағдырыма шексіз ризамын.

### СОГВИПОДА ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ

1991 жылы 31 желтоқсанда Мен әйеліммен және төрт баламмен бірге Чеджу аралына бардым. Бұл біздің алғашқы отбасылық саяхатымыз еді. Барлығымыздың көңіл-күйіміз көтеріңкі. Біз бұлай бірге демалмағалы көп болыпты, бірақ мен жылы отбасының атмосферасына ене алмадым.

Бұл күн де өтеді, жана жыл келеді. Менің алдымда маңызды шешім қабылдау тұрды. “Хендэден” кету керек пе?

Мен өмірімдегі аса маңызды шешім қабылдау алдында тұрдым. Жақында мен елу жасқа толдым. Теңіздің ұшы-қиыры жоқ шексіз болып көрінді. Көкжиек менің көзқарасымның шегінен тыс алысқа кетіп бара жатты. Теңіздің шексіздігі менің өткен кезіме қарағанда болашағыма жақынырақ орайласты.

Бірақ “аспан жолдауын түсіну” өз өмірінді қалай сүргеніңе байланысты. Егер сен өткенінді ретке келтірмесен, аспан жолдауын оқып шығу мүмкін емес қой. Мен өз өмірімнің елу жылы туралы, тек алға тартқан кезде маған жолдаудың қандай болғандығы туралы ойландым.

Мені ертеден байланыстырған теңіз жағалауында жалғыздықта тұрмағалы көп болыпты.

Жапонияда туып, мен туғандарыммен бірге босатылған отаныма кемемен қайтып келе жаттым. Бірақ кемеміз Цусима аралында апатқа ұшырап, біздің Жапонияда жинаған барлық ақшамыз теңізге батып кетті. Әйтеуір біз аман қалдық, бірақ алда бізді қатал кедейшілік күтіп тұрды – отанымызға құр қол алақанмен қайтын келе жаттық.



Тіпті соғыстан кейін де кедейшілік бізге тыным бермеді. Ағаларым, олардың артынан ата-анамыз Сеулге кетіп қалған кезде, біз қарындасымыз екеуміз жалғыз қалып, аман қалудың күнін кешуге тиіс болдық. Біз тұрған Поханг қаласының теңізі бізге көз шағылыстыратындай көгілдір, бірақ мәңгі суық болып көрінді.

Сосын – Сеулге көшу, университетте оқу, студенттік қозғалыс, түрмеде отыру, анамның өлімі, “Хендэге” жұмысқа түсу. Мен есейген бүкіл уақыт бойы кедейшілікпен күрестім.

27 жасымда “Хендэдемін”. 30-ға толмай жатып, директордың орынбасары болдым, 40 жасқа дейін – директор, ал 50-ге дейін компанияның президенті болдым. Адамдар мен туралы “аңыз-адам” деп жиі айтатын.

Бірақ маған сыртымнан қарағандар үшін ғана мен аңыз болып табыламын. Ал ішімде толып тұрған көптеген кризистік жағдайлармен және үндеулермен қатаң ақиқат. Мен жолымды бөгеген кедергілер мен дағдарыстардан ешқашан шегінбедім, мен әрдайым оларды жеңе білдім. Мүмкін, мұндай тайсалмайтын қозғалысты адамдар ғажап деп атайтын шығар.

Келесі күні 1992 жылғы 1 қаңтарда мен Согвипода теңіз жағалауында серуендеп жүрдім. Есеюдің 23 жылы, өмір қиындықтарымен 27 жыл үнемі күресу, және “Хендэден” кеткен сәтімнен бастап алда әлі 25 жыл. Одан арғы жол маған күні бұрын белгіленіп қойылған.

“Хендэде” мен жан дүниемді беріп жұмыс істедім. Еңбек еттім, ете бердім және тағы еңбек еттім...

Мен экваторда джунглиден, ыстық шөл даладан бастап, қарлы Сібірге дейін әлемді компаниямен бірге бағындырдым. Мен компания кішкентайдан үлкен компанияға, үлкеннен халықаралық компанияға айналған кезде оның оқиғалар ортасында болдым. Мен ондағы жан басына шаққандағы кіріс 100 доллардан 8 мыңға дейін өскен кездерде жұмыс істедім. Мен “Хендэнің”, сол секілді елімнің қарқынды әрі теңдессіз өсуіне белсенді жәрдемдескенім үшін тағдырыма шексіз ризамын.

Әйелім жағалауда артымнан келе жатты, оның жақындағанын мен тіпті байқамаппын. Әрине, ол менің уайымдауларымды біліп келе жатты.

Кенет мен директор болып тағайындалған 1977 жылды еске түсірдім. Ол кезде мен 35 жаста болатынмын, және мұндай лауазымда жұмысты істей аламын ба, мұндай тағайындауды қабылдауым керек пе деп ойланғанмын. Журналистер маған үйде де тыныштық бермеді. Сол кезде мен кетіп қалғаннан кейін алғаш рет туған жеріме әйеліммен бірге барғанмын. Енгиль айлағында көк теңізге қарап, ішімнен былай дегенмін: “Тағдырға қарсы келмеу керек. Және қарапайым директор болмау қажет”.

Содан бері 15 жыл уақыт өтіпті. Менің елу жылдығымда Жаңа жылмен құттықтаудың көптеген мағынасы болды. Мен “Хендэден” кетуге тиіспін. Мен әйеліме Согвипоға кеткенше шешім қабылдауым керектігін айттым, ол ақырын даусымен былай деді:

– Қалай қажет деп санасаң, соны істе. Бұны өзіңнің қағидаттарыңа сәйкес жаса. Біз әрқашан бұның ең дұрыс шешім екендігіне сенетін боламыз. Және әрдайым оған ереміз.

Ақырында мен Согвиподан кеттім.

“Хендэ” менсіз де алға сенімді аяқ басатын болады.

## ҚҰРМЕТТІ ПРЕЗИДЕНТТІҢ ЗІЛДІ ТАЛАБЫ (ультиматумы)

1992 жылғы 3 қаңтардың таңы, Согвиподан оралғаннан кейінгі келесі күн. Мен Гедонг ауданында “Хендэнің” бас офисіне жұмысқа шықтым. Менің “Хендэдегі” соңғы күнім Жаңа жыл салтанаты мен жаңа жылда жұмыстың басталуына тура келді.

Әдеттегідей ортада бас үстелдің басында корпорацияның президенті Чонг Се Енг отырды, сол жақта – мен және Ли Хен Тэ, оң жақта – Ли Чун Рим және Чонг Монг Гу. Қарама-қарсы екі қатарда барлық еншілес компаниялардың директорлары отырды. Залдағы атмосфера жайлы болды, барлығы жаңа жылдық құттықтаулармен алмасып жатты.

Осы кезде компанияның құрметті президенті Чонг Джу Енг кірді, ол аса түсініксіз болып көрінді. Ол үстіне спорт костюмы мен кроссовки киіпті. Чонг Президент Чонгун ауданындағы үйінен әркашан осындай киіммен шығып, жаяу келетін, офисте киімін ауыстырып, жұмыс күнін бастайтын. Және барлық директорлар қатысқан салтанатты шараға оның спорттық костюмде кіріп келгені күтпеген жайт болды. Бұлай әлі ешқашан болған емес.

Құрметті президент орнына отырып, сәлемдесусіз сөйлей бастады. – Бүгіннен бастап мен, президент Ли Мен Бак, директордың көмекшісі Ли Нэ Хын саясат жолына ауысып, компаниядағы қызметтерімізді тастаймыз, – деген шешімге келдік.

Осыны айтты да, ол тез шығып кетті. Залда бірден тыныштық орнады да, барлық адам бес минуттай үнсіз қалды. Ақыр аяғында, компанияның президенті Чонг Се Енг тыныштықты бұзды да, тез арада биылғы басталған жаңа жылдың қарекетіне кірісіп кетті.

Барлық директорлар кеңес залынан шықты да, үйрену орталығына Мабуклиге кетті. Бұл, жаңа жылдық қарекеттен кейін, Мабуклиде семинар өткізу ертеден келе жатқан дәстүр еді. Мен Мабуклиге жүретін автобуспен бармай қалдым да, сосын құрметті президентіміз Чонгтің кабинетіне қарай бет алдым. Ол кабинетте жалғыз отыр екен.

– Кешіріңіз, бірақ мен сізге көмектесе алмаймын. Мен компаниядан кететін болдым.

Осылай, президент маған қалай ескертсе, мен де өз пікірімді айтып салдым. Президент Чонгтың былтырғы жылдың соңында маған қойған бұйрық талабына сай, мен де, өз жауабымды бердім.

Мен, қожайынның бұлай ескертуін, “Хендэ” компаниясындағы жұмыстардан аластату үшін, өз құқығын біржақты қолдануы ретінде қабылдадым. Жаңа саяси партияның құрылуына менің қатысуым қажет пе, жоқ па, оған қарамастан Чонг президент 1992 жыл басында құрылатын жаңа партияның жобасын тез арада жасап шықты.

Бұл маған қысым көрсетіп, мені тұйыққа тіреудің бір амалы еді. Маған қанша қысым жасаса да, мен ешқашанда мойымадым.

Мен “Хендэ” компаниясынан кететінімді айқын білдірдім де, енді кабинеттен шығуға бет алған кезімде, президент Чонг орнынан тұрды да:

– Бірнеше күндерден кейін кездесерміз, – деді.

– Мен де ойласармын.

Менің бұл жауабым, кездесуге нақты қарсылығымды білдіретін еді. Бұрындары бізде қызметкерлер компания жұмыстары жөнінде, мұндай жауап қайтармайтындықтан, бәрі де түсінікті еді. Мен президент кабинеті есігін сырттан жауып шыққанда, табандатқан 27 жыл істеген “Хендэден” біржолата күдерімді үзгендей болдым.

Мен төменге түсіп, өз кабинетіме бардым да, “Хендэдегі” соңғы күнді сонда өткіздім.

Барлық директорлар мен топ-менеджерлер үйрену орталығына кеткендіктен, бас офисте өзім жалғыз қалғандай болдым. Оның іші қаңырап бос қалғандай, жалғыздық билегендей.

Компанияның болашақ жоғары кәсіпқой басқарушысы ретінде, мен сияқты оның қожайынымен ешкім де осылай қоштаспас еді. Бірақ, менің “Хендэден” кетіп, Халық партиясына қосылмайтыныма еш күмәнім де, не өкінішім де жоқ болатын. Біршама уақыт өткен соң, менің бұл шешіміме сенуімнің дұрыстығына көзім жетіп, айқын белгілі болды.

Осы кезде менің бұл іс-әрекеттерімді көптен бақылап жүрген журналистер кіріп келді.

– Сізді, саяси әрекеттер жасау үшін, компаниядан кетті деп жүргендері рас па?

– Егер компания президенті Чонг партия құратын болса, сіз бір мүшесі болар ма едіңіз?

Журналистер, менің “Хендэден” кетуімді, саяси сахнаға шығар алдындағы дайындық ретінде қабылдаған сияқты. Мен былай жауап бердім:

– Мен жаңа саяси партияның мүшесі боламын ба, жоқ па, ол бүгінгі күннің мәселесінің басты сұрағы емес. Менің саясатқа араласуым дұрыс па, оны жақсылап ойлануым қажет.

Журналистер осыдан кейін тоқталды.

Бұдан 30 жыл бұрын студенттік қозғалыстарға кімдермен бірге қатынассам, солардың бәрі де саясатқа кетті де, жалғыз мен, өзім ғана жеке компанияда жұмыс істеуді қалаппын.

Мен сол кезде мемлекеттің экономикасы жанданып, тұрақты негізі қаланған жағдайда ғана саясатпен айналысуға болады деп ойлағанмын. Жан басына шаққанда 80 доллардан ғана келетін, халқына жұмыс табылмай жүрген артта қалған ел үшін, саясатпен айналысудың орнына, жұмыс орындарын ашу анағұрлым қажетті де, маңызды екеніне сенімді болдым. Біздің елді қазіргі жоғары деңгейге көтерген саясат емес, экономика екенін ешкім де жоққа шығара алмайды.

Мен Сібірде, не Қытайда жолсапарларда болғанымда Корей түбегінің жаңа да жарқын болашағын көрдім.

Қақаған аяздар мен қараңғы сібір түндерінде Солтүстіктің, болашақта корей халқынан ажырамайтынындай, корейлік компаниялардан да ешқашан бөліне алмайтынын өте жақсы түсіндім.

Содан менің ойыма келгені, Корей Республикасының болашағы, оның тура саясатымен анықталатын күннің де туғаны еді. Сосын бір анығы, осы уақытқа дейін экономикадан кейін екінші қатарда тұрған саясаттың өзі ескі көзқарастардан арылмаса, еш өзгермейді және өте жоғарғы деңгейге көтерілмейді де, олай болса Кореяның болашағы ешқашан айқындалмайды деген сөз. Және менің күшім көп болмай-ақ қойсын, бірақ менің нақтылы өз мақсатым бар. Менің бір түсінгенім, корейлік саясатқа жан бітіретін амал-дәрісін табуым қажет. Сосын компанияда жұмыс істеп жүргенде жинаған тәжірибемді, саясатқа ауыстыратын кездің келгенін ұқтым.

Бір орталықтан басқарудың ыдырауы мен жаһандану кезеңінің толықтай қарқын алған шағында, соңғы 30 жыл бойына еш өзгермей келген корейлік саясат, енді жаңа заманның көзді ашып-жұмғанша өзгеріп шыға келетін шындығына ілесе алмай қалды.

Мен, енді саясат басқару құралы емес, болашақтан оқ бойы алда жүретін менеджмент болу керек деп шештім.

1992 жылы 3 қаңтарда, мен “Хендэ” корпорациясынан біржолата кеттім.

## ЕГЕРДЕ БҰЛ СӘТСІЗДІК БОЛАТЫН БОЛСА, ОНДА МЕН ҚҰРЫДЫМ

1991 жылдың жазында, компания президенті Чонг саясатқа кетіпті, – деген жалпылама сыбыс шығып жатқан кезде, ол өзінің “Халық рухының қозғалыс штабын” құрмақ болған шешімін жариялапты. Бұл құрылымды құрмақ болғандағы оның негізгі мақсаты, өзінің жан-жақты таныстық байланыстарын пайдаға асыру еді. Президент маған, сенің есіміңді де оны құрушылардың қатарына қосамын дегенде, ойланбастан келісімімді бердім. Мен Чонг президенттің қандай ойы барын білмесем де, оның кеңесшілері ретінде кардинал Ким Су Хванды, пастор Хан Ген Джикті және басқаларды тағайындауға кеңес бердім.

Президент Чонг менің ұсынысыммен келісіп, сосын олардың бәрімен жеке-жеке кездескенін, және келісімдерін бергенін айтты. Бірақ, ол келесі күні былай деді:

– Егерде ел үшін еңбек ететін болсам, онда мен нені болса да өзім істеуім керек, жалғыз “халық рухы қозғалысымен” түк бітіре алмаймыз.

Ақырында штаб солай құрылмай қалды.

Мен оның “өзім істеуім керек” деген сөзінің мағынасын тура дәл түсіне алмадым. Мен сияқты, “халық рухы қозғалысының” адамдары да, басшылары да, президент Чонгтың нақтылы жоспарларын білген жоқ. Оның іс-әрекеттері өте түсініксіздеу болды.

Және кейін де оған үлкен қызығушылық танытты. Бір анығы, оның істерінің бизнеспен еш қатысты емес, саясатпен ғана қатысты екені, бірақ бұған:өзінің саяси партиясының алғы даму кезеңі үшін бе, не болмаса жоғарғы саяси қызметке тікелей үміткер ретінде ме, қай партияның қаржы бөлетінін түсіну мүмкін емес еді.

Тек желтоқсан айында ғана, жаңа саяси партияның құрамы жөнінде әңгіме қозғалғаны жайлы белгілі бола бастады. Саяси орталарда және мемлекеттік қауіпсіздік қызметтерінде бұған өте жауапты қарай бастағандары туралы сөз бола бастады. Міне осы кездерде мені президент Чонг өзіне шақырып алды.

– Мен де, осы жайында үкімет басында хабарлама жасадым.

Сонымен, жаңа саяси партия құрылмақшы болды. Сол кездегі жағдай бойынша, енді кейін шегінуге болмайтын еді.

Чонг менің жауабымды бірден талап етті. Сол кезде президент Чонгтың саяси істерге ғана қатысуы емес, сонымен қатар оның

президенттікке кандидат ретінде он төртінші рет қатысуы айқын шындық болып табылатыны жөнінде сыбыс шығып жатқан болатын.

Басқа жағдайда Чонг мұндай сыбыстарды ұнатпаған болар еді, ал бұл жолы ол дегенмен де, оның істеріне менің қатысқанымды күтетін сияқты. Президент Чонгтің мінезіндегі мұндай өзгерістің, оның дүрілдеп тұрған саяси қызметіне байланысты екенін сездім, және бұл мен үшін жеке жоспарымда жоқ күтпеген жағдай болды.

– Ли, тезірек шешім қабылда, тәуелсіз кандидат ретінде қатысасың ба, немесе маған қосыласың ба?

– Сіздің саясатқа келуіңіз дәл осылай болады деп ойлаған емеспін. Осыған байланысты жағдай күрделеніп кеткен сияқты. Менің саяси іс-әрекеттермен айналысым келмейді. Және мен үшін саясаттың текетіресіне қатысудың ешқандай мағынасы жоқ. Егер сіз оппозициялық партия құрар болсаңыз, біздің елде саяси жағдай қалай орнығады және біздің “Хендэ” компаниямыздың бет-пердесі қандай болады, онда мен де, сол партияға кетемін, және де директорлар мен орынбасарлары да, сайлауға қатысуды қалар ма еді? Біздің корпорацияда бірыңғай жаппай қолданыстағы заттарды сататын компания мүлде жоқ. Өзіңіз білетіндей және де, “Хендэ құрылыс компаниясы” көбіне үкіметке, оның ел ішіндегі мемлекеттік тапсырысы мен шет елдердегі құрылыстарға тығыз байланысты. Саясаттағы жөнсіз іс-әрекеттер осының бәрін бүлдіруі мүмкін. Солай емес пе?

Партия құруға анық шешім қабылдаған және еш бүкпесіз өз жоспарын жүзеге асырмақ ниеттегі президент Чонг менің сынымды естіп, бір сәтке абыржып қалғандай, былай деді:

– Сен неге еш себепсіз уайымдайсың? Егер компания тақырға отырса, онда менің де құрдымға кеткенім. Егерде мен бәрі де жақсы болады десем, яғни солай болады. Неменеге күмәнданасың?

– Мүмкін заң бойынша ол сіздің де компанияңыз шығар, бірақ мен де, өзге “Хендэ” корпорациясының қызметкерлері сияқты көңілім түкпірінде өзімді оның қожайынымын деп есептеймін. Жұмысқа кіріскен күнімнен бастап, бүгінгі күнге шейін компаниядан өзімді бір рет те бөлген емеспін, оны өзімдікі деп есептедім, оған мен барлық өмірімді бердім, және қазіргі уақытқа дейін осылай өмір сүрдім. Және сондықтан да, мен осындай көзқараспен айтамын.

Мен осыны айтқаннан кейін, көңілімнің босап қалғанын сезіндім. Кәсіпқой басшы ретінде бұл мен үшін моральдық шекара болды, және өзім тағы да, компания қожайыны мен топ-менеджер арасындағы алынбайтын қамалды сезіндім.

## ҮШ РЕТ ТОҚТАТУҒА ТЫРЫСУ

Мен президент Чонгтың саясатқа кетемін деген шешімін тоқтатуға тиісті едім.

Президент Но Тхэ У– дың кезінде экономикалық саясатқа жауапты басшы мен оның арасындағы жағдай өте жаман еді. Және менің ойымша, оның саясатқа кетпекші болғаны да, осы күштерге қарсы тұрмақшы болғаны шығар.

Но Тхэ У президенттігінің соңғы кезеңінде үкімет “Хендэ” корпорациясына салық ретінде, ғаламат көп мөлшерде, 160 млрд. вон. төлеуге шешім шығарған болатын, бұл әрі президент Чонгтың талғамына қатты қайшы келді. 160 млрд. вон ақшаны салыққа төлегеннен гөрі, саясатқа жұмсағаны ұтымды да, орынды болатын еді. Мұндай жағдайда Чонг қайсысы бір саясаткерді немесе партияны жақтайтын шығар деп ойлаған едім. Бірақ-та президент саясатқа тікелей өзі қатыспақшы болып шешті, бұл мен үшін күтпеген жай еді.

– Сіз, кандидат Ким Енг Сам туралы әрқашанда жақсы ойда болып, басқалардан гөрі оған оң көзқараспен қарайтынсыз. Егер Ким Енг Сам билік басына келетін болса, онда ол Но Тхе У–дің 6-шы республикасынан өзгеше нағыз азаматтық билік орнатар еді. Ким Енг Сам ақылды да, ойшыл адам болатын, және қайдағы бір еш дәстүрсіз әскери билік тәрізді, компания ісіне жөнсіз араласпаған болар еді.

Егерде сіз Ким Енг Самды жақтайтын болсаңыз, онда сіз өз мақсатыңызға жетер едіңіз. Солай емес пе?

Бұрындары, Ким Енг Сам туралы әңгіме қозғалғанда, президент Чонг әрқашанда: “Ол өте дұрыс адам”, -дейтін. Бірақ, сол уақытта президент Чонг менің осы кандидатты қолдау ниетіме ешқандай қызығушылық танытпады. Және мен оны сендіруге тырысып бақтым. Егерде президент Но Тхе У-ге қарсы саясатпен айналысар болсаңыз, Ким Енг Самды жақтау ең дұрыс таңдау болар еді. Әрі егер Ким Енг Сам сіздің қолдауыңызбен президент тағына сайланатын болса, онда сіз жеке компаниялардың басты өкілі ретінде, еш кедергісіз өз ұсынысыңызды өткізе алған болар едіңіз. Ал сіз сонда, ел экономикасына корпорация президенті ретінде, мемлекеттің өркендеуіне өзіңіздің сүбелі үлесіңізді қосар едіңіз.

Менің мұндай ойыма президент Чонг бірден қарсылығын білдірді.

– Бұл туралы айтудың ешқандай қажеті жоқ. Саясатпен мен өзім ғана айналысамын.



Және содан кейін, президент Чонг саяси партия құру үшін, тез арада іс-шараларды шұғыл іске асыра бастады. Бірнеше күндер өткеннен кейін, мен тағы да, оны сендіруге тырыстым. Бұл менің екінші талпынысым еді.

– Егер ол адам ірі компанияның иесі болған болса, онда сіз қандай жолды таңдаған болсаңыз, ол да сол бағытта іс-әрекет жасаған болар еді де, одан әрі көптеген қиындықтарға жолығар еді. Соған сәйкес, корпорация Корея Республикасының экономикасында елеулі орын алатындықтан, онда ақыр аяғында, бұл ел экономикасына бүтіндей әсерін тигізер еді. Міне сонда, адамдар сіздің шешіміңіз бен іс-әрекеттеріңізді ел экономикасына теріс ықпалын тигізді деп ойлайтын болады. Егерде сіз саяси партияны құру өте қажет деп тапсаңыз, ерікті кандидат есебінде сайлауға қатысыңыз. Және егерде сіздің партияңыз сайлауда жеңіске жеткен болса, онда сізге өз айналаңызға, қазіргі басшылыққа кімдер қарсы болса, соларды өз айналаңызға жинауыңызға болады. Тіпті сайлаудан кейін де, жаңа саяси партия құру кеш болмайды.

Мен негізінде президент Чонгтың сайлаудан кейін жаңа саяси партия құруға шамасы келмейді деп үміттенген едім. Ол өте асыққандықтан мен оған алғашқы аса қажет істерді ғана бірінші кезекте жүзеге асыруға кеңес бердім, бірақ ол оған көнбеді.

– Бұл жол баяу қимылдың ісі, ал мен шұғыл әрекетті қаладым.

Келесі күні мен өзімнің үшінші ұсынысымды айттым.

– Егер сіз саяси партия құруды шешсеңіз, онда мен сізге мынадай ойларымды айтайын.

Бұрындары саясатпен ешқашан айналыспаған, кілең ақ жүректі, шыншыл жастарды жиып алып барып құрыңыз. Егер сіз солай істеген болсаңыз, онда мен сізге белсене көмектесемін.

Алғашында бұл оң шешімін бермесе де, бірақ біз кейіннен халықтың қолдауына ие боламыз. Осылай істеп көруге болады. Егерде компанияның табысынан түскен ақшаға жақсы саясатшыларды тәрбиелеп шығарсақ, онда қазіргі бар партияларды да басып озып, бұл жаңа ұйымның ерекшелігін осылай көрсетуге болар еді. Және де, әзірге партияның пәлсафасы мен саяси бағыты анық қалыптасқанша, ескі партиядан шаршаған жұртты өзінің жаңа ерекшеліктерімен еліктіріп әкетеі сөзсіз.

Президент жауабын қысқа қайырды.

– Бұлай істеуге болмайды. Мүмкін сайлауда жеңіп шыққандар көп шығар. Сайлауда қай партия жеңіп шыққанын көруіміз керек, және жеңілгенмен де, алдағы жеңіске үміттері зор адамдарды жинағанмыз дұрыс болды.

Сол кезде президент Чонгпен болған әңгімеміз осындай бағытта өрбіді. Егер мен бір нәрсені ұзақ түсіндірген болсам, ол маған қысқа жауап қайырып отырды. Ол нені білдіреді. “Саясатта да менімен бірге болуың керек. Солай емес пе? Сен менің соңымнан жай еріп жүруің керек, осыншама әңгіменің не қажеті бар?”– деді ол риза емес қалыппен. Сонымен, туындаған жағдайды менің түсіндіруіме байланысты өзгерту мүмкін емес еді.

## СЕНІМДІЛІК ҚИСЫНЫ

Чонгты тоқтату үшін үш рет байқап көргенімнен ештеңе шықпады, және шешім қабылдайтын уақыт та таяп қалды.

Сол уақытта қисынсыз салынған 160 млрд.вон. салықтың әсерінен “Хендэ” өте қиын жағдайда тұрған еді. Мен осы мәселені шешуге тырыстым. Және дәп сол кезде президент Чонг менің алдыма мынадай міндеттеме қойды: желтоқсанның аяғына дейін мәселені шешу керек. Бұл кез келген жағдайда да онымен бірге кету керек екенін білдіреді.

Бәрін де мұқият ойластыру қажет. Чонг саясатпен айналысуға шешім қабылдамай тұрғанда-ақ, мен өзімнің жаңа жолмен жүруім керек екенін жиі ойлайтынмын. Көп жылдан бері “Хендэ” Чонгтың балаларын жұмысқа басшылыққа тарту жоспарын қолға алған болатын, және көптеген кәсіпқой менеджерлер өзге жерлерден тұрақтылау орын іздеу үстінде еді. Мен маған да компанияны тастау керек екенін жақсы ұғындым, және еш кедергісіз-ақ кетуіме болады деп ойладым.

Сібірді толық меңгере жүріп, мен саясаттың бар маңызын түсіндім де, “менің енді нақты істей алатыным осы”-деп ойладым.

Менің жаңа өмір кезеңімнің Чонгтың саясатпен айналысуымен дәп келді де, екеуіміздің де жағдайымызды қиындатып жіберді.

Бәрінен бұрын компания қожайыны мен кәсіпқой менеджерлер арасында белең алған феодалдық қарым-қатынастар менің мазамды кетірді. Кез-келген жағдайда компания қожайынына көзсіз берілуді мақсат еткен, еш қарсылықсыз бағыну жүйесіне мен тікелей келісе алмадым. Менің түсінігімше нағыз басқарушы, тек компания қожайыны емес, барша істің көш басшысы болуы керек. Қожайын деген ең алдымен “өз өмірінің иесі”, “ар-ұятының иесі” болуы қажет. Міне, сонда ғана, қандай жағдайда болмасын жақсы қожайын бола алады.

Егер компания иесі: “ал кәне Қытайдағы “Үш шатқал” бөгетінің құрылысын өзімізге алайық” немесе “жеке инвестициялар негізінде Корея мен Жапония арасындағы су асты туннелін жүргізейік” деген болса, онда мен, кәсіпқой менеджер ретінде бұл жаңа жобаны бірден қолдаған болар едім.

Қандай да бір істелетін іс күмән келтіргенмен, егер компания иесі оған нық сенімде болса, онда ол тапсырманы қабылдап, орындаудан басқа лаж қалмайды. Мен әрқашанда осындай мақсатта өмір сүрдім, және оған “Хендэнің” елдегі мен шет елдердегі жеткен жетістіктері куә.

Президенттің он үшінші реткі сайлауында Ұлттық ассамблеяға менің депутат болуым мүмкін екендігі қаралды, және оған мен өзім де қарсылық білдірмедім. Сол кезде “Хендэ” профсоюздар мен жұмыс берушілер арасында өзара күрес болуда еді.

Бір күні таңертең президент Чонг маған қарап: “Ульсандағы іспен айналысып, ондағы қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасындағы мәселені шешіп бер. Бұл менің соңғы өтінішім” – деді. Сол кездерде мені, Ульсандағы қызметкерлер мен компанияның арасында келіспеушілік болып жатқан шақта, акционерлік индустриалдық “Хендэ” компаниясының президенті етіп сайлаған еді.

Компания дағдарыс жағдайына кезіккен соң, мен болашаққа деген жеке жоспарымды кейінге қалдырдым. Сол күннен бастап мен Ульсандағы жұмысыма кірісіп кеттім және екі айдың ішінде кәсіподақ басшыларымен бірге барлық мәселелерді шешуім керек еді.

Бірақ саясаттың жеке бизнестен көп жағдайда айырмашылығы бар.

Бәрінен де, қандай да бір мәселені шешу үшін, жалпы адамзаттық құндылықтар қажет. Саясатта пәлсафа мен тарихты түсіну парыз және мемлекет өркендеуінің ортақ мақсаты, сонымен қатар алға қойған мақсатқа жету үшін стратегиялық бағыты болу керек.

Содан мен өзімше, менің мемлекет рөлінде пәлсафасыз, тарихи түсініксіз тек қана құр саясатпен айналысуым, маған және президент Чонгқа ғана емес, өзім өмір сүретін ортаға да еш пайдасын тигізбейді деп шештім.

Егерде президент Чонг Джу Енг саясат әлеміне өзін елдегі ірі корпорацияның президенті ретінде емес, жай өз елінің азаматы есебінде енгенін жария еткен болса, онда менің таңданысым қандай болған болар еді? Мен оған қызығатын едім, өйткені Чонг жас кезінде алға қойған мақсаттарына жету, шешім қабылдау, қарапайымдылық пен сабырлылық және топ бастаушылық сияқты жақсы қабілеттерге ие болатын.

Және бәрінен бұрын, менің есімде қалғаны “Хендэ” мен “Самсунг” корпорациясына қарайтын “Чунганг Ильбо” газетінің арасындағы 1979 жылғы “сұмдық қақтығысу” еді.

Бұл қақтығысудан, бір корпорация БАҚ-ң келесі бәсекелес корпорацияға өте зор ықпал жасауға мүмкіншілігі бар екенін байқадық. Егер “Хендэ” сияқты өте күшті корпорация билік басына келетін болса, онда оның қарсылық әрекет етуін көзге елестету қиын емес. Бұл

менің Чонгпен бірге саясатқа барғым келмегенімнің бірден-бір негізгі себебі болатын.

Мен осылай өз ойыммен жүргенімде, 1991 жыл да аяғына таяп қалды. Содан мен көп жылдардан бері бірінші рет Чеджу аралына жан-ұяммен демалуға кеттім.

Кейін, президент Чонгтан бөлініп, мен басқа жолмен кеткен соң, көпшілік маған оның кәсіпқойлық өсу жолыма көп көмек жасағанын айтып, көзіме салық етті. Екінші жағынан, елдің әр аймағынан таныс емес адамдар, маған дұрыс таңдау жасадың деп қолдау білдіріп, қоңырау шалып немесе хат жолдап жатты.

1991 жылдың қаңтар айының басында мен “Хендэ” құрылыс компаниясының 500 қызметкерлерінің алдында соңғы қоштасу сөзімді айттым. Менің сөзім мынандай болды.

“Құрметті қызметкерлер! Мен 27 жыл бойына қызмет еткен компаниямен қоштасудамын. Кетуімнің көптеген себептерін сонан соң айтармын. Қазір емес. “Хендэден” мен жақсы көңілмен кетіп бара жатырмын себебі мұнда жұмыс білер басшылар баршылық. Біз бәрімізде осы істеп жатқан азаматтар компанияның басшыларымыз. Мен және сіздер, бұдан да былай келетін азаматтар компанияның құрылысына өз үлестерімізді қосқанбыз әрі де қарай қоса береміз деп сенемін. Біз компанияның жұмыс істеуіне қайда жүрсек те жанашыр болып оның өсіп-өркендеуіне еш уақытта кедергі жасамауымыз керек. Мен өз басым дәл солай өмір сүремін”.

Мен сөзімде біз үшін компаниямыз – ең басты орында тұру керек дегенді айттым. Оның өмірі ешқандай саяси және басқа да “пайдакүнемдік” айдалармен шатаспауы керек. Мен кәсіпкер басшы ретінде компаниямызды жақсы көргендігімнің арқасында адал да әділ болғым келеді. Ешқандай туыстарым болмай мен өз еңбегіммен маңдай теріммен осы компанияның қатардағы қарапайым қызметкерінен екінші басшысы дәрежесіне дейін жеттім.

Мен қызметтен кеткен соң президент Чонг өз саяси партиясын құрғандығын мәлімдеді. Сонымен бірге ол “Но Тхе У-дің алтыншы республикасын” қалай қаржыландыратынын жариялады. Мұнысымен ол Чонг Джу Енганың саясатын анықтады. Чонг Джу Енганың синдроми бүкіл елді жайлай бастады.

## ЖАМАН ОЙСЫЗ ЖҰМЫСТАН КЕТУ

Мен “Хендэден” кетерде жұрттар үлкен сыйлық-пайдамен шығады ғой деп ойлапты. Бір газетте тіпті мынадай хабарлама басыпты. Мен орнымды босатып отырып, Илсондағы болат қорыту компаниясын беруді талап еткен көрінемін – мыс және тағы, мені Дэу компаниясына ауысады екен деген қауесет тарапты.

Бірақта 1992 жылдың 3 қаңтарында, мен Хендэ компаниясына кетер кездегі бар байлығым, осыдан 27 жыл бұрын келгенім кезімдегі мөлшерде ғана екен. Сонымен, мен жұмысқа орналасарда қалай сұрыптап алынсам, енді кетерімде де қызметкерлерді келісім шарт заңы бойынша қалай жұмыстан шығарар болса, мен де жұмыстан шығу қағазына қажет адамдарға қол қойғызып шықтым. Мен де компания қызметкерлерінің бірі едім. Мен Хендэні жастай отырып ешбір сый-сыяпат алмағаныма қайта қуандым. Мен, негізінде ешбір пайданы көздеген емеспін, ал осы ешкімнен ешнәрсе дәметпейтін мінезім өзімнің анамнан қалыптасқан. Анам мені жасымнан адал болуға және қанша өзіңе-өзің сенімді болуға үйреткен еді.

Корпорацияның басшысы жұмысқа қызметкерлерді қабылдағанда, нақтылы жұмыс көлемін есепке алып барып, соған сәйкес қана жұмысқа алады. Жұрттар Чонг пен екеумізді әкелі-балалы деп ойлап, айтып жүрсе, оған мен күлемін де қоямын. Егер кімде-кім компанияның пәлсафасын түсінбесе, онда олар дәл осылай ойлауы мүмкін.

Корпорация иесінің, жұмысқа жалдап алар кезінде, олардың жеке ара-қатынасына, мысалғы, жерлес ретінде немесе оқу орнын бірге бітіруіне байланысты жағдайларға ешбір көңіл аудармайтыны өте заңды құбылыс болып саналады.

Орташа фирмадан ірі корпорацияға айналған Хендэ жұмысқа жолдағанда өте нақтылы есепке сүйеніп отырды. Жұмысқа қызметкерлерді жалдап алар кезде, ешбір жеке таныстыққа, жерлестікке қарамайтын болғандықтан, сырт көзге бұл компанияда бәрі де қатал, жүрексіз көп жылдардан бері жұмысқа қызметкерлерді осы жайларды қатаң ұстануымен, өзге басшылардан көп айырмашылығы болатын.

Менің Хендэде көп жыл жұмыс істеуімнің себебін оңай түсіндіруге болады. Өйткені, мен оңай игеріп кеттім. Компанияның қандай болса да, шешімін таба аламын деп ойлайтынмын. Және менің жұмыс нәтижелеріме қарап, мені компанияға өте қажет адам деп санады.

Мен ешқашанда президент Чонг Джу Енг үшін жұмыс істеймін деп айтқан емеспін. Бұрында солай еді, қазірде дәл солай. Мен онда өзімнің сүйіп, қалаған жұмысым болған соң жұмыс істеген едім. Егер жұмыс болмағанда, мен де компанияда болмаған болар едім.

Нақты осыған байланысты мен Хендэмен хаттасуды жөн көрдім. Көп адамдар жұмыс істеу барысында, адамның тамыр-таныстығына, жерлестігіне, бірге оқығандарына көп мән беруге тырысады. Егерде бір қауымда осындай іс белең алған болса, онда бұл ортада ешбір іс алға баспайды, әрқашанда ақсай береді. Компаниядан кеткендердің көпшілігі осы жағдайды, өздерінше сынға алады. Немесе, адамшылық әділдікті талап етіп жатады. Мен, нағыз компанияның және оның қожайының барлығын, нақтылы түсінген едім.

Сондықтан, мен Хендэден, оның президентінен айырылып, басқа жолмен кететініме еш өкінген жоқпын.